

Аудандық мәслихаттың кейбір шешімдеріне толықтыру енгізу туралы

Күші жойғал

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2011 жылғы 15 желтоқсандағы № 371 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 13 қаңтарда № 10-8-167 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2017 жылғы 2 маусымдағы № 113 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 02.06.2017 № 113 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 43-1 бабын басшылыққа ала отырып аудандық мәслихат **ШЕШЕМІЗ**:

1. Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 22 қазандағы VIII сессиясының "Сырдария ауданы, Тереңөзек кентінің жерлерін аймақтарға бөлу схемасын және салықтың базалық ставкасының түзету коэффициенттерін бекіту туралы" N 107 шешіміне (Әділет басқармасында нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде 2008 жылғы 28 қарашада мемлекеттік тіркеу N 10-8-77, "Тіршілік тынысы" газетінің 2008 жылғы 03 желтоқсанда N 96 шығарылымында жарияланған) және Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 22 қазандағы VIII сессиясының "Сырдария ауданы, Тереңөзек кентінің жерлерін аймақтарға бөлу схемасын және салықтың базалық ставкасының түзету коэффициенттерін бекіту туралы" N 107 шешіміне өзгеріс және толықтыру енгізу туралы" аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 09 ақпандағы кезектен тыс XI сессиясының N 126 шешіміне (Әділет басқармасында нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 05 наурызда мемлекеттік тіркеу N 10-8-85, "Тіршілік тынысы" газетінің 2009 жылғы 11 наурыздағы N 21 шығарылымында жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

Аталған шешімдердің бірінші абзацындағы "жергілікті мемлекеттік басқару" деген сөздерден кейін "және өзін-өзі басқару" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы шешім қолданысқа ресми жарияланған күннен бастап енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
кезектен тыс XXXXIII
сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат
хатшысы*

Р. Есенов

А. Атақаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ